

М. Әліпхан

ф. ф. к., «Абайтану» ғылыми-оқу орталығының аға ғылыми қызметкері, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (maksat.alipkhan.63@mail.ru)
ORCID: 0000-0003-1002-894X

Адамгершілік ілімінің төркіні жайлы

Аңдатпа

Адамгершілік – адамзат ақыл-ойы айналысатын ең абзал әрі ең басты тақырып. Осы адамгершілік жайының жүйелі де желілі сөз болуы ең берісі Аристотельден басталады. Ол түйіндеген тұжырым бойынша, адамгершілік негізі – қайырымдылық. Және қайырымдылықтар ақыл-ой мен жүректен бастау алып, интеллектуалдық және этикалық болып екіге бөлінеді. Адамгершілік ілімінің мән-мазмұнын танытуда жыл санауымыздың үшінші ғасырында өмір сүрген Плотиннің қосқан үлесі аса зор. Оның ұғымындағы көптік – жетілмегендік болса, бірлік – ақиқат атты ең түпкі кемелділік. Адам болмысы мен адам болудың сыры Плотин эннеадаларында терең танытылған. Адамгершілікті әл-Фараби әр нәрсенің өз болмысына сай жетілуі мен сол жетілуін баянды етуі деп біледі. Оның пікірінше, адамгершілік жағынан жетілу Бақытқа жеткізеді. Адамгершілік – жан деңгейінде қалыптасып орнығатын қайырымдылықтар. Ибн-Сина адамгершілік қасиет пен сапаны осы жан сырымен байланыстырып танытады. Мақалада осылайша адамгершілік ілімінің мән-мазмұны мен Аристотельден бастау алып бүгінге жалғасатын төркін-тегі қарастырылған. Адам өмірі түрлі игіліктерді пайдаланумен өтеді. Адамгершілік – адам ұмтылатын ең жоғары игілік. Плотин, әл-Фараби, ибн-Сина – бәрі де адамгершілікті – жанның денсаулығы мен жақсы халі деп білген. Ал оған тек қайырымдылық арқылы жетуге болатыны түйінделген.

Кілт сөздер: адамгершілік, ілім, төркін-тегі, Аристотель, Плотин, әл-Фараби, ибн-Сина, игілік, ақыл, жан денсаулығы, қайырымдылық, жетілу мен кемелділік.

M. Alipkhan

Candidate of Philological Sciences, Senior Researcher of the Research and Training Center “Abai Studies”, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
(maksat.alipkhan.63@mail.ru) ORCID: 0000-0003-1002-894X

On the Origins of the Doctrine of Morality

Abstract

Morality is the noblest and most basic topic that the human mind deals with. It is from Aristotle that the systematic study of the doctrine of morality begins. In his opinion, the basis of morality is virtue. And virtue originates from the mind and heart and is divided into intellectual and ethical. The contribution of Plotinus, who lived in the third century AD, to the study of morality is very great. In his understanding, plurality is imperfection,

and unity is the most perfect maturity called truth. The essence of man and his moral formation are deeply investigated in the enneas of Plotinus. According to al-Farabi, a person is improving in accordance with his essence and is distinguished by the constancy of perfection. And moral perfection will lead to happiness. Morality is a virtue that is formed at the level of the soul. Ibn Sina connects moral properties and qualities with the state of mind of a person. The article examines the origins of the doctrine of morality, which originates from Aristotle and continues to the present day. A person's life goes through various benefits, that is, using different benefits. Morality is the highest property and good that a person strives for. Plotinus, al-Farabi, ibn Sina considered morality as a health of the soul and a good state of mind. It is concluded that the path to it is only through virtue.

Keywords: morality, doctrine, source, Aristotle, Plotinus, al-Farabi, ibn Sina, good, reason, soul health, virtue, development, perfection.

Адам және оның адамгершілік болмысы мен қалпын бейнелеп, суреттеп жеткізу, көркем түрде жырлау – әдебиеттің басты міндеті мен күретамыр тақырыбы. Адамгершілік танымның шынайы сырын танып-білуде ең берісі Аристотельдің «Никомах этикасына» [1] сүйенген жөн болады. Адам баласының басты ерекшелігі – ақыл-ой, санасы мен қимыл, әрекетінің мақсаттылығы десек, Аристотель аса мән беріп қарастырған игілік атаулы – осы адамзат өмірі мен ой, әрекетінің өрісі мен азығы деуге келеді. Алла, Құдай, Жаратушы ғана ешнәрсеге мұқтаж емес мәңгілік кемел Тұлға болса, адамзат – керісінше, мұқтажы көп өтпелі де кемшілікті жаратылыс. Ал Алла берген ақылы бар кемшілікті жаратылыстың (адам) өмірі бойында өзін толық әрі кемел етуге тырысатыны әбден заңды нәрсе. Кемелділік пен жетілгендіктің ең биік шыңы ретіндегі асыл игілік мәселесін әр заманның ойшылдары айналып өте алмаған, қайта оған арнайы аялдап, оны жүйелі де терең тануға тырысқан.

Аристотель де өз «Этикасын» игіліктің мән-мазмұнын танытудан бастаған. Тіршілік таласы жолындағы қоректену, қорғану мен адам болу барысындағы ақыл, ақиқат, қайырымдылық, адамгершілік ұғымындағы игілік – әлемдегі, Барлықтағы бәрінің де табиғи және кәсіби мақсаты болып табылатын түпкі Бірлік. Ал Бірлік – Жаратушы Ие, Құдай ұғымдарымен мәндес, төркіндес құбылыс. Яғни адамзаттың құбыласы мен темірқазығы – болмысы беймәлім әрі биік Құдай жолындағы игілік. Адам болмысының жетілуі мен кемелденуі осы адамшылық, адамгершілік ұғымындағы игілікпен тікелей байланысты. Аристотель адамға тән ең жоғары, ең жетілген абзал игілік пен бақытты – қайырымдылыққа негізделген жан әрекеті деп біледі. Жанның жақсы жағдайы мен денсаулығын, өзіне жайлы күйі мен сау халін құрайтын қайырымдылықтар біршама көп. Әйтсе де

олардың ішінде кейбіреуі әсіресе тамаша әрі тым көркем, кемел болып келеді. Мәселен, Абайдың қарасөзінде сілтеме жасап қолданған, насихаттаған жәуанмәртлік құрамындағы ақыл, әділет, рақым қасиеттерін [2, 145 б.] сондай кемел, абзал қайырымдылықтар қатарында атауға болады. Адамзат өзіне тән жоғары игілік пен кемелділікке осындай тамаша қайырымдылықтарға негізделген жан жетілуімен жетеді. Қайырымдылық – адамгершіліктің өзегі мен мәні, түп-төркіні мен негізі, ол – адамзат ұмтылатын түпкі игілік пен Бақыт.

Осы орайда Аристотель «...счастье – это определенного качества деятельность души сообразно добродетели. Что же касается прочих благ, то одни из них даны как необходимое условие счастья, а другие по своей природе являются подсобными и полезными орудиями» [1, 9 б.], – деп жазған. Аристотель ойынан шығатын түйін – Бақытқа жету үшін адам баласына ең әуелі өмір керек, екіншіден, қарым-қатынас жасап, бірге қуанып, бірге қайғыратын қоғам қажет, үшіншіден, адами өмірдің мәні саналатын – қайырымдылық қажет. Алғашқы екеуінің қайырымдылықсыз мәні мен сәні, қадір-қасиеті болмайды, ал қайырымдылықпен бірігіп, оны ұстаным етіп, өздерінің мақсатына айналдырған жағдайда бұл екеуінің қадір-қасиеті мен абыройы еселеп арта түседі, Бақытқа жетеді. Сөйтіп Аристотельдің адамгершілік ілімін қарастыру барысында мәселенің мәні қайырымдылыққа келіп тірелетіні айқындалады. Адамзат ұмтылатын ең басты игілік – Бақытқа жетудің кілтін Аристотель қайырымдылық деп біледі: «Для счастья же главное – деятельности сообразно добродетели, а противоположные деятельности – для противоположного счастью» [1, 10 б.].

Қайырымдылық өз қасиеті мен болмысын сақтау үшін кездейсоқ емес, саналы да мақсатты әрекетті қажет етеді және адамның жетілу жолындағы осындай кәсіби әрекетінен ғана туады. Екіншіден, қайырымдылық өзге нәрсе емес, өзі үшін таңдап алынады. Үшіншіден, қайырымдылық – жанға берік орныққан тұрақты, қалыпты қасиет, жанның өзіне жайлы жақсы жағдайы мен қалаулы халі. Қайырымдылықтың игілікті де ізгілікті іс екенін мойындап, біліп қою аз, оны адами кәсіби әрекет арқылы ой мен бойға дарытып, жақсы сапа, ізгі қасиет ретінде танытып жүру аса маңызды.

Аристотель интеллектуалдық, ойшылдық қайырымдылықтардың қатарына жататын ақылды әсіресе айрықшалап жоғары бағалаған. Ал өзге адамгершілік қайырымдылықтар мен қасиеттер осы ақылдың көмегімен ғана айқындалып, анықталып, кемеліне келеді. Абай да «жүректің ақыл

суаты (ақыл – жүректің суаты), махаббат қылса тәңрі үшін» [3, 215 бб.] деп, ақылды – таным мен ақиқаттың және қайырымдылықтың бастауы деп біледі. Ақынның ғылым-білімге өз бетінше ықыластанып ұмтылған баланы ғана адам деп атауға болатынын жазғаны бар. Абай қашан да осылайша тамырлы таным мен дәстүрлі ойларды жырлаған. Аристотель де адамның өзіне тән төл болмысына айнала бастауын осы ақылмен байланыстырады. Бала бойындағы табиғи тума нышандарды ақыл нақты, нағыз қайырымдылықтарға айналдырады. Сөйтіп Аристотель ең басты игілік пен бақытты да, өмірдің мәнін де қайырымдылықпен байланысты көреді. Ал қайырымды болу – адам болу, адамгершілікті болумен бір нәрсе, тең нәрсе.

Адамгершілік іліміне аса қомақты үлес қосқан көрнекті тұлғаның бірі – 204–269 жылдары өмір сүріп, Римде ұзақ жылдар ұстаздық еткен Плотин. Ол – көне грек философиясын қалыпқа түсіріп жүйелеген әрі Платон мен Аристотель танымдары негізінде өзінің «Үштік» ілімін қалыптастырған ойшыл тұлға. Оның «Үштігі» барша барлықтың бастауы – Бірлік, Ақыл және Әлемдік жаннан тұрады. Плотиннің Жаратушы ұғымындағы Бірлігі – Сократ, Платонның Игілік, Аристотельдің Ақыл, әл-Фарабидің Бірінші Тұлғасымен сабақтас әрі тектес құбылыс. Адамзаттың түрлі кезеңдердегі санаулы саңлақтары дүниенің түп негізі мен әуелгі бастамасын тану жолында тапқан ортақ танымдарымен табысып, сабақтасып отырған.

Плотиннің туындылары «Эннеадалар» деп аталған, мұны өз тілімізге аударғанда «тоғыздықтар» деген ұғымды білдіреді. Себебі Плотиннің жалпы саны алтыны құрайтын әр эннеадасы тоғыз шығармадан тұрады, оның ірілі-ұсақты елу төрт шығармасы бар. Алғашқы эннеадасының бірінші бөлімі адам мәселесін сөз етумен басталады.

Ойшылдың адам болмысындағы ақыл, жан, тән туралы ізденістері көбіне жан сырына қарай ойыса береді. Плотиннің ойынша, материя мен тәнге негізделген өмір ісіне араласпай, өзінше өзімен-өзі болатын нәрсе – Әлемдік жан ғана. Аспан денелері мен өсімдік, жануарлар секілді адамнан өзге тіршілік иелеріндегі жанның тәнмен бірліктегі қарым-қатынасында таңдау әрекеті болмайды. Ал адам болмысындағы жанның жағдайы мүлдем бөлек, күрделірек, себебі адам жаратылысындағы жан – ақыл мен тәннің арасында аласұрып екіұдайы күй кешеді. Тән қызығы мен нәпсінің рахатынан саналы түрде бас тартып, өзін өзі тыйып, хақ пен ақыл, адамгершілік жолын таңдау – таңдаулы тұлға, қайырымды, абзал адамдардың ғана қолынан келетін асыл, игі әрекет.

Екіұдайы, екі жақты қоспа болмыс саналатын адам мен оның жанының түпкі мақсаты – қайшылықсыз, жайлы да мазалы, кемел күйге жету. Бұл – тәннің жанға қызмет етіп, ал жанның үнемі Ақылды бетке алып кемелденуімен ғана мүмкін болатын абыройлы, жақсы жағдай. Мұны адам болу мен адамгершілік жолы деуге де болады.

Жаратушыдан жеткен Ақыл жолы біздерді өз болмысымызға сай адам болуға жеткізсе, тегі мен төркіні топырақтан болған тәніміз бізді керісінше, төмен болмыс – жануармен жақын етеді. Адам болуға жеткізетін Ақыл туралы Плотин былай жазады: «Ибо Ум – это и то, что наилучшее в нас, и то, к чему мы должны стремиться» [4, 6 б.]. Плотин адам жанын өз болмысына сай күйінде сақтап қалу үшін қажет болатын әрі жанды түп төркіні – Ақылға және оның көмегімен Игілік пен Бақытқа, одан да биік ең жоғары болмыс – Жаратушыға жеткізетін атақты үш қасиет ретінде «разумение», «мужественная стойкость», «праведностті» атайды. Ал мұның Абай шығармаларындағы толық адам (жүрек, ақыл, қайрат), жәуанмәртлік (ақыл, әділет, рақым) танымдары арқылы жүйелі де дәстүрлі жалғасын тапқанын білеміз. Түйіп айтар болсақ, адам жаратылысы ақыл, жан, тән үшеуінің бірлігінен тұрса да, Плотиннің ойынша, олардың өзара қарым-қатынасы – тәннің жанға қызмет етіп, ал жанда түрлі қайырымдылықтардың қалыптасып, одан әрі жанның ең биік, ең жоғары қайырымдылық – Ақыл жолында мәңгілік жетіле беруді мұрат тұтқан әрекет, бағытымен құнды, орынды саналады. Үшінші ғасырда өмір сүрген Плотиннің бұл ұстанымы – оның өзіне дейінгі Сократ, Платон, Аристотельдер айтып, жазып, әбден бекітіп кеткен және кейінгі әл-Фараби, ибн-Сина, Ж. Баласағұн [5], А. Иасауи [6], Абай, Шәкәрімдер [7] де өз ізденістеріне өзек етіп өткен аталы да киелі ақиқат.

Адамгершілік іліміне қомақты үлес қосқан ғұламаның бірі әрі бірегейі – өз жерлесіміз әл-Фараби. Оның ойынша, адам өмірі мен тіршілігі Ай асты әлемінде жүзеге асып жалғасады. Адамзат қауымына дейінгі Айдан жоғарғы әлемде жетілу әрекеті жоқ, олар о баста-ақ Жаратушы тарапынан солай жетік, кемел етіп жаратылып қойған. Ал ғұламаның «...бұлардың жаратылысы алғашында биік дәрежелі болмайды» [8, 253 б.], – деген ойы тек адам болмысына ғана қатысты айтылған. Яғни өз болмысына сай кемелдену мен жетілу әрекеті Ай асты әлеміндегі тек адам өмірі мен әрекетіне байланысты жүзеге асады. Ал кемелдену әрекетін – адам бола түсу мен адамгершілік жағынан жетілу деп ұқсақ болады. Адамзат баласында алғашқыда

кемелділіктің кем болатын себебі – онда материя, яғни тән мен оның түрлі құмарлары болуымен байланысты. Сөйте тұра адамда кемелдену мүмкіндігі бар, оның түпкі сыры мен бастауы – Ақылда.

Әл-Фараби жазған ақтық кемеліне көтерілу – осы адамгершілік жағынан жетілуді білдіреді: «...содан кейін өзінің субстанциясы жағынан, бұдан соң өзінің түрліше акциденциялары жағынан бірте-бірте ақтық кемеліне дейін көтеріледі» [8, 253 б.]. Ай астындағы болмыстар екі бөлшектен, материя мен формадан құралады. Адамдар, біздер де парасатты жануарлар ретінде дәл солай материя мен формадан тұрамыз. Әл-Фарабидің пікірінше, «екі жақты тірліктегі неғұрлым кемелді нәрсе – оның өз формасы арқылы өмір сүруі» [8, 255 б.]. Ал адам болмысының формасы – жаны, яғни осы жанының ойлаушы бөлігі мен Ақылы. Ең жетілген форманың ең жоғарғы шыңы – Ақыл. Сөйтсе де әл-Фараби өзіне дейінгі Сократ, Платон, Аристотель, Плотиндермен салыстырғанда, адам болмысындағы ақылдың көзі, бастауы саналатын мидан гөрі жан мекені делінетін жүректі үстем етуімен ерекшеленеді: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді... Ми жүректен кейінгі мүше ретінде әрекет етеді» [8, 289–290 бб.]. Әл-Фарабидің бұл танымы Ақылдың қасиетін титтей де төмендетпейді, қайта жүректен шығар әділеттің мерейін үстем еткен Ж. Баласағұн, А. Иасауи, Абай, Шәкәрім ойларын ойға оралта түседі. Шынында да ақыл – әділеттің қызметшісі, ақыл әділетті орнату жолындағы қызметімен ғана құнды әрі қадірлі болады.

Әл-Фараби жан әрекетін – тән мен интеллектінің арасындағы рухани құбылыс деп біледі. Ол Бақытқа жетуге жәрдемші болатын жандағы халдер негізінде туатын еркін әрекетті – тамаша әрекет дейді де, «мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық» [8, 308 б.], – деп түйеді. Ғұламаның «әдет-ғұрып» деп отырғаны сірә, жанның жақсы халі мен денсаулығы болар. Қайырымдылық – адамдардың қоғам ішінде өмір сүру әдебі мен тәртібі. Адамгершілік ілімінің негізі мен түп төркіні осы қайырымдылық туралы мәселеде жатыр деп білеміз. Қайырымдылық – ең басты игілік саналатын Бақытқа жеткізетін абзал қасиет. «Жеке бастың тұрғысынан қарағанда, Бақыт дегеніміз, әл-Фарабидің пікірінше, адамның адамгершілігіне негізделеді» [9, XXX б.].

Демек әл-Фарабидің Бақыт туралы трактаттары – адамгершілік ілімімен тікелей байланысты туындылар. Әл-Фарабидің жазуынша, «өмір сүру үшін керекті нәрсенің бәріне әуел бастан ие болған заттар»

мен «өмір сүруі үшін керекті нәрсенің бәріне әуел бастан ие болмаған заттар» болады. Адамзат қауымы осындағы кейінгі қатардан орын алады. Сөйтіп адамзат баласына жетілу мақсаты мен кемелдену әрекеті айрықша тән болып табылады. Адам болу мен бүкіл өмірінде адам болып қалу және адамгершілік жағынан үздіксіз жетіле беру – адамға тән өнер мен қабілеттердің ең зоры, ең абзалы.

Біз Платон, Аристотель, Плотиндерді оқу, тану барысында адамгершілік қасиеттердің көбіне адам жанымен байланысты болатынын байқағанбыз. Бұл ойымыз әл-Фараби трактаттарындағы тұжырым, түйіндермен де беки түседі. Ғұлама ғалым жанның да тәндікі секілді денсаулығы мен науқасы болатынын жазады. Оның ойынша, жан мен оның бөліктерінің жақсы күйде, яғни денсаулығы мен халі мықты, жақсы болуынан «әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады» [9, 187 б.]. Демек қайырымдылық пен даналық жолындағы жан қызметі оның денсаулығы мен жақсы халін туғызады.

Адам болмысының өз қалпында сақталуы мен өмірінің мәнді, өзінің бақытты болуы осы жанының жақсы халде болуына көп тәуелді, тығыз байланысты. Ж. Баласағұнның жәуанмәртлік, А. Иасауидің хал ілімі, Абайдың толық адам, Шәкәрімнің ұждан деген таным, ілімдері осы жанның денсаулығы мен жақсы халін қалыптастыруды көздейді. Адамгершілік, қайырымдылық, кемелділік мәселесі сөз болғанда, үнемі жан табиғатымен табыса берушілік бар.

Адамгершіліктің қалыптасуы да, нығайып, жетіліп кемелденуі де осы жан жүйесінде жүзеге асады: «...қала тұрғындарының жан жүйесіне біткен қайырымдылықтарды қалай нығайтуды, оларды (қайырымдылықтарды) қалай сақтауды, сөйтіп олардың жойылуына жол бермеуді білу керек» [9, 190–191 бб.]. Осылайша қайырымдылықты әл-Фараби трактаттарының өзекті мәселесі деуге әбден болады. Өзіне дейінгі Аристотель секілді әл-Фараби де қайырымдылықты – интеллектуалдық (дианоэтикалық), ойшылдық және этикалық, адамгершілік қайырымдылықтар деп екіге бөледі.

Ибн-Синаның төрт бөлімнен тұратын атақты энциклопедиялық еңбегі «Книга исцеленияның» физикаға арналған бөліміндегі алтыншы кітап жан туралы мәселені сөз етеді. Тіршілігі бар болмыс атаулыдағы әсіресе, жан сырын танудың мәні аса зор. Өйткені жан – қимыл-қозғалысы, тіршілігі бар әр нәрсенің де мәні болып табылады: «...познание каждой вещи прежде всего относится к ее форме, мы намерены говорить сначала о душе» [10, 384 б.].

Ибн-Синаның ойынша, адамгершілік ізгі қасиеттер адам жанындағы практикалық күшінің деңгейінде қалыптасады екен: «Нравственные качества имеющиеся у нас, приписываются практической силе» [10, 414 б.]. Ал Аристотель Ақыл деңгейінде де қайырымдылықтар болатынын жазып, оларды дианоэтикалық қайырымдылықтар деп атаған.

Ибн-Сина жанның төменгі бөлігін практикалық ақыл деп білген. Сонда тән әрекеті мен практикалық ақылдың бірлігінен адамгершілік қалып пен қасиеттердің пайда болатыны байқалады: «Все вместе это должно называться нравственным состоянием» [10, 414 б.]. Ибн-Сина да өзге ойшылдар секілді адамгершілік қасиеттерді – жан деңгейінде қалыптасатын жағдай мен оның жақсы, жайлы, сау халі санайды. Адам жанының Ақылға ұмтылған бағыты мен бет алысын ибн-Сина адамгершілік қасиеттермен емес, біліммен байланыстырады. Бұл Аристотель Этикасындағы дианоэтикалық қайырымдылықтарға ұқсайды. Ибн-Сина екі бағытта да әрекет ете алатын адам жанының күштерінен туатын нәтиже туралы былай жазады: «Из того, что находится ниже, возникают нравственные качества, а из того, что выше, знания» [10, 415 б.].

Осылайша ибн-Сина жан әрекетіне титтей де болса ықпалы тиетін ылғалдылық пен құрғақтықтан бастап, оның ең жоғарғы қабілеті – ақылды, ойлаушы күшіне дейін қамтып жүйелі де жемісті еңбек еткен.

Сөйтіп адамгершілік ілімінің ең берісі Аристотельден бастау алатын төркін, тегі барын байқадық. Және бұл адамгершілік ілімі Ж. Баласағұн, А. Иасауи, Абай, Шәкәрім тараптарынан дәстүрлі желісі үзілмей жүйелі жырланған. Адамгершілік ілімі – төркін, тамыры өте тереңде жатқан аса іргелі таным.

Әдебиеттер

1. Аристотель. Никомахова этика // Философы Греции / Перев. Н. Брагинской. – Москва: ЗАО Издательство «ЭКСМО ПРЕСС», 1997. – 191 с.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: «Жазушы». 1986. – 200 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: «Жазушы». 1986. – 304 б.
4. Плотин. Эннеады. К.: «УЦИММ-ПРЕСС», 1995-1996; К.:PSYLIB, 2003. От редактора HTML-версии. – 310 с. <https://classics.nsu.ru/bibliotheca/ploti01/index.htm>
5. Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. – Түркістан: «Тұран». 2004. – 555 б.
6. Иасауи Қ.А. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) / Аударғандар: М. Жармұхамедұлы,

М. Әліпхан. Адамгершілік ілімінің төркіні жайлы.

- С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы. 1993. – 262 б.
7. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы». 1988. – 560 б.
 8. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: «Ғылым». 1973. – 489 б.
 9. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: «Ғылым». 1975. – 455 б.
 10. Ибн-Сина. Избранные философские произведения. – М.: «Наука». 1980. – 550 с.

References

1. Aristotel. Nikomahova etika. Perevod: (S) Nina Braginskaya (satis@glasnet.ru). Filosofiy Gretsii. ZAO Izdatelstvo «EKSMO PRESS». Moskva: 1997. – 191 s.
2. Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Eki tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. II tom. Almaty: «Jazyshy». 1986. – 200 b.
3. Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Eki tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. I tom. Almaty: «Jazyshy». 1986. – 304 b.
4. Plotin. Enneady. K.: «ÝTsIMM-PRESS», 1995-1996; K.:PSYLIB, 2003. Ot redaktora HTML – versii. – 310 s. <https://classics.nsu.ru/bibliotheca/ploti01/index.htm>
5. Balasaǵunı I. Qutadǵy bilik: Qut ákeletin bilim. Túrkiстан: «Turan». 2004. – 555 b.
6. Iasaýı Q.A. Dıyanı hıkmet (Aqyl kitabı). Aýdarǵandar: M.Jarmuhameduly, S.Dáýituly, M.Shafiǵı. Almaty: «Murattas» ǵylymı-zertteý jáne baspa ortalyǵy. 1993. – 262 b.
7. Qudaiberdiev Sh. Shyǵarmalary. Almaty: «Jazyshy». 1988. – 560 b.
8. Ál-Farabi. Filosofıalyq traktattar. Almaty: «Gylym». 1973. – 489 b.
9. Ál-Farabi. Áleymettik-etikalyq traktattar. Almaty: «Gylym». 1975. – 455 b.
10. Ibn-Sina. Izbrannye filosofskie proizvedeniya. Moskva: «Nayka». 1980. – 550 s.

Özet

İnsanlık, insanoğlunun eylemlerinin ele alındığı en değerli ve en önemli konularından biridir. İnsanlıkla hakkındaki düşünceleri tarihi Aristo'ya kadar uzanır. Aristo'nun kanaatince insanlığın temeli, hayırseverliktir. Bununla birlikte hayırseverlik, akıl ile vicdandan beslendiğinden dolayı entelektüel ve ahlâkî olarak ikiye ayrılmaktadır. İnsanlık kavramının önemini algılama hususunda M.Ö. III. yüzyılda yaşamış olan Plotinus'un katkısı büyüktür. Plotinus'a göre birlikte hareket etme güdüsü olgunlaşmamışken birlik, hakiki bir kemale ermeye denktir. İnsan karakterinin özü ile insan olmanın sırrı, Plotinus'un eserlerinde detaylı bir şekilde anlatılmıştır. El Farabi, insanlığı her şeyin kendi doğasına uygun şekilde gelişmesi ve o gelişimi kendisi için en iyi şekilde tamamlaması olarak tanımlamaktadır. Onun kanaatince, insanın, insanlık bakımından gelişmesi iç huzuru oluşturur. İnsanlık, ruhanî açıdan olgunlaşan ve yetişen bir hayırseverliktir. İbn Sina ise insanlığı, karakter ile niteliği ruh ile ilişkilendirerek değerlendirir. Makalede, bu şekilde insanlığın önemi ile Aristo'dan itibaren günümüze kadar devam eden görüşler incelenecektir. İnsanoğlu hayatı boyunca çeşitli güzelliklerden faydalanarak geçer. İnsanlık, insanın amaç edinmesi gerektiği en büyük erdemdir. Plotinus, El Farabi, İbn Sina vb. şahsiyetler, bu düşünürlerin hepsi de insanlığı, ruh sağlığının zindeliği ve erdemli bir biçimi olarak dile getirmişlerdir. Bundan dolayı, İnsanlığa sadece iyi işler yapmayla erişilebileceği kanaatine ulaşılmıştır.

Anahtar kelimeler: insanlık, menşei, Aristo, Plotinus, El Farabi, İbn Sina, erdem, akıl, ruh sağlığı, hayırseverlik, olgunlaşma ve kemale ermek.

(M. Aliphan. İnsanlık İliminin Menşei Üzerine)

Аннотация

Нравственность – самая благородная и самая главная тема, которой занимается человеческий ум. Именно с Аристотеля началась системная разработка учения о нравственности. По его мнению, основа нравственности – добродетель. А добродетель берет начало от ума и сердца и делится на интеллектуальную и этическую. Вклад Плотина, жившего в третьем веке нашей эры, в изучение нравственности очень значителен. В его понимании множественность – несовершенство, а единство – самая совершенная зрелость под названием истина. Сущность человека и его нравственное становление глубоко исследованы в эссеях Плотина. По мнению аль-Фараби, человек совершенствуется в соответствии со своей сущностью и отличается постоянством совершенства. А нравственное совершенство приведет к счастью. Нравственность – это добродетель, которая формируется на уровне души. Ибн-Сина связывает нравственные свойства и качества с душевным состоянием человека. Жизнь человека сопряжена с различными благами. Нравственность – самое высокое достояние и благо, к которому стремится человек. Плотин, аль-Фараби, ибн-Сина рассматривали нравственность как здоровье души и хорошее ее состояние. В статье сделано заключение о том, что достижение нравственности возможно только посредством добродетели.

Ключевые слова: нравственность, учение, исток, Аристотель, Плотин, аль-Фараби, ибн-Сина, благо, разум, здоровье души, добродетель, развитие, совершенство.

(М. Алипхан. Об истоках учения о нравственности)